АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
МАҚАТ АУДАНЫ
ДОССОР КЕНТІ
ӘКІМІ

АКИМ
ПОСЕЛКА ДОССОР
МАКАТСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2019 жылғы «10» 09 № 91
Доссор кенті

«____» _____ 20__ года
поселок Доссор

«Мақат аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тұрақты жер пайдалану құқығын табыстау туралы

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 19 бабының 1 тармағын, 34, 43, 44 баптарын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабының 1 тармағының 6) тармақшасын басшылыққа ала отырып, жер комиссиясының 2019 жылғы 05 шілдедегі № 8 хаттамасы және жерге орналастыру жобасы негізінде, **ШЕШЕМІН:**

1. «Мақат аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне Доссор кенті, Б.Аймагамбетов көшесі мекен- жайы бойынша 3 қатарлы 60 пәтерлі тұрғын үй құрылысын салу үшін жалпы ауданы 0,66 гектар жер учаскесін бөліп, тұрақты жер пайдалану құқығы табысталсын.

2. Жер учаскесі бөлінбейді, пайдалануда шектеулер мен ауыртпашылықтар жоқ.

3. Мақат аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінен жер учаскесіне тұрақты жер пайдалану құқығын табыстайтын құжаттарын жасақтап беру сұралсын.

4. «Мақат аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне осы шешім қабылданған күннен бастап алты айдан кешіктірмей тұрақты жер пайдалану құқығын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішпен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына жүгіну міндеттелсін.

5. Осы шешімнің даналарын: аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөліміне, Мақат ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша филиалынын жер кадастры және жылжымайтын мүлік бойынша Мақат аудандық бөліміне және «Мақат аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне табыстау кент әкімі аппаратының бас маманы А.Тажибаеваға жүктеледі.

Кент әкімінің міндетін уақытша атқарушы **А.Абилгазиев**

Көшірме сәйкес келеді
Копия верна